

Педагогикалық кеңесте бекітілді
«31» тауыз 2017 жылы
Мектеп директоры: 
Тюринна Әзиза Жауғантықызы



Есбол орта мектебінің *2017-2018 оқу жылына арналған* **ОҚУ ТӘРБИЕ ЖОСПАРЫ**

Мектеп ұжымының мақсаты:

Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби
күсіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған
білім беру

2017 жыл

Атырау облысы Махамбет ауданы Есбол орта мектебінің жылдық жұмыс жоспарының құрылымы

1-ші бөлім	Оқу жылы қорытындыларының педагогикалық талдауы. Жаңа оқу жылының міндеттері.
Оқу жылының қорытындыларының педагогикалық талдауы. Жаңа оқу жылының міндеттері.	
Қаралатын мәселелер:	
❖ Басқару және бақылау бойынша мектеп әкімшілігінің қызметі, педкеңестер қызметі;	
❖ Педагог кадрлармен жұмыс жағдайы, олардың кәсіби деңгейі, аттестаттау қорытындылары;	
❖ Әдістемелік жұмысты талдау, оның нәтижелері;	
❖ Ата-аналармен жұмыстың жағдайы;	
❖ Бітірушілердің қорытынды аттестациясымен қоса мектепшілік бақылаудың барлық түрінің қорытындылары бойынша оқушылардың білім, білік, дағдыларының деңгейін талдау;	
❖ Өз отанының азаматын тәрбиелеу бойынша педұжымның қызметі, мектептегі моральдық-психологиялық климат;	
❖ Сабаққа қатысу статистикасын талдау;	
❖ Мектептің оқу-материалдық базасын нығайтуды, оны қаржыландыруды талдау және т.б	

Есбол шағын жинақты мектебінің 2016-2017 оқу жылы бойынша жылдық қорытынды

Еліміздің даму бағыты мен келешегінің көкжиегін көрегендігімен болжаған Елбасымыз Н.Ә.Назарбаевтың бастамасымен қабылданған стратегиялық бағдарламалар қазақ елін батыс пен шығыстың басын қосқан іргелі өркениет орталығына айналдырды. Соның ішінде білім саласында болып жатқан жасампаз өзгерістердің мәні мен маңызы зор. Елбасының сындарлы саясатының, тікелей қамқорлығының арқасында білім саласы көштен қалмай жылдан-жылға жақсы нәтижелерге қол жеткізуде.

Осы бағытта шағын жинақты мектебімізде жас ұрпаққа тәрбие мен білім беру бағытында көптеген жұмыстар атқарылды. Мәселен, мектебімізде 2016-2017 оқу жылының жылдық қорытындысында 1-11-сынып аралығында 126 оқушы тәрбиеленіп, білім алды. Үздіктер саны -38 , екпінділер саны-35 , үлгерім-100, сапа-59,5 пайыз болды. Мұғалімдеріміз жаңа форматты жаңартылған білім беру мазмұны бойынша жеделдетілген 70 пайызы курстан өткізілді, деңгейлік бағдарлама аясында 43 пайызы сертификатталса, «Тәжірибелік рефлексия» тақырыбында мектепшілік курстан 35 мұғалімнің 8 оқып сертификатталды.

Жыл ішіндегі ең ауқымды шара желілік қоғамдастықтың жоспарына сай 2016 жылдың 30 қараша күні біздің мектебімізде «Сыныпта оқушылардың оқу нәтижелерін бағалау» тақырыбында облыстық семинар болды. Семинардың мақсаты: Мұғалімдердің шығармашылық қабілетін ұштау, жаңа формациядағы бағалау түрлерін тәжірибеде қалай қолданылып жатқанымызды қала, аудан мұғалімдеріне көрсету болатын. Бұл желілік қоғамдастық аясында мектеп ұстаздары Мендіғалиева Г, Сұлтанғалиева Ж, Зинуллина М, Мусаева А, Хасанова А, Төребаева Н өз іс-тәжірибелерін сабақ, коучинг, жәрменке арқылы көрсете білді.

Мектеп ұстаздары «Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында оқытудың инновациялық тәжірибесі» тақырыбындағы аудандық педагогикалық оқулардан, шағын орталық тәрбиешісі Есенаманқызы Ақтоты ІІ орын, биология пәні мұғалімі Қыдырқызы Раушан І орын, мектеп психологы Саликова Эльза І орын, ағылшын пәні мұғалімі Кәрімқызы Жазира ІІ орын иеленді.

Ержан Таңатарұлы ағылшын тілін маманы, жас маман, көптеген сайыстарға белсене қатысты. Аудандық «Жігіт сұлтаны» сайысынан ІІІ орын, «Әке отбасы- тірегі» сайысынан І орын иеленді. Аудандық «Жыл мұғалімі - 2017ж» тарих құқ пәні мұғалімі Гүлмира Ихсанқызы ІІІ орын және аудандық дінтану бойынша «Қазақстан -зайырлы мемлекет» тақырыптық кәсіби байқаудан І орын иеленді. Аудандық «физика мұғалімдер» Олимпиадасына Анар Елеушқызы қатысып, жүлделі І орын иеленді.

Шәкірттер өз жетістіктерін мектептің дамуына үлес етті. Айтар болсақ аудандық ғылыми жобалар сайысынан 7-сынып оқушысы Досымбек Дана ІІІ орын, қазақ тілі пәні бойынша жарқын болашақ байқауынан Серік Дильназ ІІІ орын, Абай оқуларынан Саламат Алина ІІІ орын, Мағжан оқуларына Кенжеғалиқызы Ақдидар ІІ орын иеленді. Математика ғылымы аудандық сайыс бойынша Нысанбайқызы Жаңылсынның дайындауымен 8-сынып оқушысы Сәлімжан Дана қатысып, математика пәнінен ІІІ орын иеленді. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына байланысты Аудандық « Озат құқықтанушы сайысынан» 10-сынып оқушысы Құмарғалиева Айкөркем ІІ орын иеленді.

Аудандық мектеп оқушыларының ғылым негіздері бойынша пәндік олимпиададан 8 сынып оқушысы биология пәнінен Серік Дильназ, математика пәнінен 9 сынып оқушысы Серіков Бекзат, қазақстан тарихы пәнінен 10 сынып оқушылары Нұраш Жалғасбай, Жанбосын Жетпіс «Алғыс хатпен», ағылшын тілінен 8 сынып оқушысы Құмарғали Айжұлдыз, қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 8 сынып оқушысы Жаңабай Мөлдір, қазақстан тарихы пәнінен 9 сынып оқушысы Әділов Аманжан, биология пәнінен 9 сынып оқушысы Шалапи Айтуған, ағылшын тілінен 10 сынып оқушысы

Ерсайынова Асылханым, химия пәнінен 10 сынып оқушысы Кенжеш Мәдениет, информатика пәнінен 11 сынып оқушысы Бағытжанов Әли III орынмен, география пәнінен 9 сынып оқушысы Тілегенов Ақылбек жүлделі I орынмен марапатталды. Кіші сыныптар арасындағы олимпиададан 4 сынып оқушылары Саламат Мұрат қазақ тілі пәнінен III орын, Болат Ерасыл математика пәнінен «Алғыс хат», 5-сынып оқушысы Амангелдина Дильназ III орын, 6-сынып оқушысы Балтабек Айтолқын I орын, 7-сынып оқушысы Досымбек Дана «Алғыс хат» марапатталды.

«Білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында педагогтың кәсіби құзыреттілігімен білім сапасын арттыру» тақырыбында облыстық педагогикалық оқуларға мектеп директоры Фазила Жауғаштықызы басшылық бағытында «Мектепті дамыту жоспары арқылы» тақырыппен қатысып, I орын иеленді Саликова Эльза «Алғыс хатпен» марапатталды.

Сонымен қатар облыстық «Білім беру жүйесіндегі инновациялық қадам» жалпы білім беру директорының орынбасарларының байқауына Анар Елеушқызы қатысып, II орын иеленді.

Дене тәрбиесі бағытында облыстық сайысқа ұлдар 13-14 қаңтар 2017 ж күні өткізілген «Шайбалы хоккей» сайысынан жүлделі III орын және де облыстық қыздар арасында 4-5 наурыз 2017 жыл «VIII қысқы спартакиада» сайысынан жүлделі III орын иеленді. Жетекшісі Қаржау Балабайұлы.

Облыстық ғылым негіздері бойынша пән олимпиадасынан география пәнінен 9-сынып оқушысы Тілегенов Ақылбек II орын алды, жетекшісі Самал Марданқызы.

Республикалық қашықтық олимпиада мектеп бойынша бастауыш сынып мұғалімдері Тюрина.Ф, Меңдіғалиева.Г, Рахымғалиева.Г, Сілеумуханова Н I дәрежелі диплом, Темірханова М III дәрежелі диплом, осы сайыста бастауыш сынып оқушыларды қатыстырылып, нәтижелі орын алды.

Алдағы оқу жылында баршамызға анық мақсат, нық қадаммен жұмыс жасауды көздеп отырмыз.

2017 – 2018 оқу жылындағы оқу–тәрбие жұмысының негізгі тақырыбы:

«Білім сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді оқу үдересіне енгізуді жалғастыра отырып, бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеу»

«Жаңартылған білім беру аясында қалыптастыруша бағалауды жүзеге асыру»

МАҚСАТЫ:

Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгеруде мұғалімнің кәсіби күзіреттілігін қалыптастыра отырып, жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

МІНДЕТІ

- Оқу мен оқыту үдерісіне өзгерістер енгізе отырып, оқушының өз бетінше білім алуына үнемі ықпал жасап отыру.
- Инновациялық әдіс-тәсілдерді меңгерту мақсатында мұғалімдерді деңгейлік, тақырыптық, әдістемелік курстардан өтулеріне мүмкіндік жасау.
- Білім сапасын арттыру жолында мектепшілік бақылауды күшейту.

КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕ:

- Бәсекеге қабілетті тұлға жетіліп, тәрбиеленеді.
- Мұғалімдердің үздіксіз білім жетілдіру нәтижесінде заман талабына сай жаңа әдіс – тәсілдерді меңгерген шығармашыл ұстаз қалыптасады.

2017-2018 оқу жылындағы міндеттер

Мектепте 2016-2017 оқу жылында атқарылған әдістемелік жұмыстарына жасалған талдаулар негізінде оқу-тәрбие жұмысындағы кемшіліктерді жою, әдістемелік жұмыстарды жетілдіру мақсатында 2017 – 2018 оқу жылына басым бағыттар белгіленіп, оны орындау мақсатында төмендегідей міндеттер қабылданды:

- ❖ Білім беру сапасын арттыру мақсатында пән сабақтарында интерактивті оқыту технологияларын кеңінен пайдалану;
- ❖ Мұғалімдердің шығармашылық тобының жұмысын жандандырып, озат тәжірибелерді ақпараттандыру, насихаттау;
- ❖ Тәрбие, білім берудің жаңа бағдарламаларын, оқу жоспарларын, мемлекеттік білім беру стандартын, нормативтік құжаттар, әдістемелік нұсқауларды талдау, игеру, жұмыстарын ұйымдастыру;
- ❖ Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында сыныптан тыс үйірмелер, спорттық секциялар жұмысын жандандыру;
- ❖ Мұғалімдерге педагогикалық білімін өз бетінше көтеру жолдарын үйрету, өзара кәсіби бәсекелестік орнату;
- ❖ Сабақ үдерісінде оқушылардың белсенділігін арттыру мақсатында көшбасшылықты дамыту;
- ❖ Мұғалімдердің оқушылар білімдерін бағалауда объективтік принципін ұстауға бағыттау;
- ❖ Жеке оқушымен жұмысты жетілдіру жолдарын қарастыру;
- ❖ Мұғалімдерді зерттеушілік, шығармашылық жұмыстарға баулу, ынталандыру.
- ❖ Оқушыларға кәсіптік бағдар беру жұмыстарының деңгейін көтеру;
- ❖ ОЖСБ-ға, ҰТБ-ға жан-жақты дайындық жүргізу;
- ❖ Оқушылардың білім сапасын арттыру, олардың дарындылығын айқындап, біліміне, ойлау қабілетіне ықпал ететін интеллектуалдық шараларды өз дәрежесінде ұйымдастыру;
- ❖ Оқушылардың шығармашылық және ізденіс жұмыстарына негіз салу, өзін-өзі дамыта, өз бетімен білім ала алатын оқушы тұлғасын қалыптастыруда жаңа технологияларға сүйене отырып жұмыс жасау;
 - Деңгейлік курстан өткен мұғалімдер бірлестік мүшелеріне тәлімгерлік жұмыстарын жүргізуді жалғастыру арқылы пәнді оқыту әдістемелерінің жоғарлылауына көмектесу.
- ❖ Ғылыми жобаларға дайындық, перспективалық жоспар құра отырып, ғылыми кеңесші тағайындап, белгіленген тақырыппен жұмыстану, оқушы бағыттау, іздендіру шараларын қолға алу;
- ❖ Ата – аналар, жергілікті мекемелермен ынтымақтастықты нығайту.
- ❖ Мектеп әкімшілігі мен ата-аналар міндетті мектеп формасымен оқушыларды қамту туралы шешімдерді басшылыққа алып орындау
- ❖ Жаңартылған бағдарлама бойынша 1,2,5,7-сыныпқа арналған жаңа үлгілік оқу жоспарын басшылыққа алып, бастауыш мектеп оқушыларының тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын және функционалдық сауаттылығын арттыру
- ❖ 1,2,5,7 сыныптарда қалыптастырушы бағалауды жүргізу

Мектептің 2017-2018 оқу жылындағы негізгі статистикалық ақпараттар.

Сапалық мінездеме: Мектеп –*типтік*, 250 орынға арналған .Мектепте 20 сынып кабинеттері бар. Оның ішінде интерактивті тактамен жабдықталған 7 кабинет бар.

Соның ішінде оқу кабинеті – 14, шеберхана – 1, акт залы – 1, асхана – 1, медицина кабинеті – 1 , гимнастика -1, атамекен-1, мұғалімдер бөлмесі-1, мұрағат-1.

Мұғалімдердің жалпы саны 33

- ❖ МАД тәрбиешісі-2
- ❖ Интернат тәрбиешісі-2
- ❖ Кітапхана-1
- ❖ Психолог-1
- ❖ Тәлімгер-1

Білімі бойынша

Жоғарғы білімді- 27

Арнаулы орта-6

Санаты бойынша

- ❖ Жоғары санатты - 2
- ❖ 1-санатты- 8
- ❖ 2 – санатты – 13
- ❖ Санатсыз- 10

- ❖ Барлық оқушы саны- 129 болды. МАД - 15, **Мектеп-2001 жылы берілген.**
- ❖ 11 сыныпты 6 оқушы аяқтады.

2-ші бөлім	Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру.
<i>Білім беру мекемесінің ақысыз жалпы бастауыш, негізгі, орта білімді алуға бағытталған қызметін ұйымдастыру</i> Қызметтің негізгі бағыттары: ❖ Мектеп Жарғысының бекітілген балалар құқықтарын жүзеге асыру бойынша іс-шаралары; ❖ Ақысыз жалпы білім алуға бала құқығын жүзеге асыру бойынша іс-шаралар; ❖ Балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру; ❖ Оқушылардың сабаққа қатысуын есепке алу тәртібі; ❖ Балалар жарақаттануын және ауруын алдын-алу; ❖ Микроаудан бойынша балалардың есебінің мерзімі мен тәсілдері; ❖ Жеке оқу жоспары бойынша үйде оқытылатын ауру балалармен жұмыс, мектепте қажетті санитарлық-гигиеналық жағдайларды жасау, кезекшілік ұйымдастыру ❖ Психологтік-медикалық-педагогикалық комиссиямен мектептің біріккен жұмысы; ❖ Болашақ бірінші сынып оқушыларымен жұмысты жоспарлау; ❖ Білімді экстернат түрінде алатын балалармен жұмыс; ❖ Өмір қауіпсіздігі негіздері бойынша іс-шаралар.	

МЕКТЕП ЖАСЫНДАҒЫ БАЛАЛАРДЫ ЖАЛПЫҒА БІРДЕЙ МІНДЕТТІ ОҚУМЕН ҚАМТУ

Барлық мектептің ең негізгі міндеті- мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту. Яғни, мектепке қарасты мөлтекауданда тұратын 1-18 жас аралығындағы барлық балаларды тіркеуге алу, мектеп жасындағы оқушыларды 100%пайыз оқуға тарту жұмыстарын жүргізу. Мектептің оқу-тәрбие жұмыстарында осы тарауға ерекше мән беріледі. **балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту барысында** бізге әр түрлі әлеуметтік категориядағы отбасы балаларымен жұмыс жасауға тура келеді. Нақты тоқталар болсақ, олар- денсаулығы нашар, жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы төмен, сәтсіз отбасының балалары. Сол сияқты мектепалды даярлық тобы, оқушыларды мамандыққа баулу, оқушылардың ыстық тамағын және олардың тасымалдануын дұрыс ұйымдастыру сияқты жұмыстар да қамтылады. Педагогтардың ауыл, аудан әкімшілігі, құқық қорғау, денсаулық сақтау және әлеуметтік қызмет көрсету ұйымдарымен бірлесе жұмыс жасау қажеттілігі туындайды.

Негізгі бағыттары:	Қашан?	Кім?
Мөлтекаудандардағы бала санын анықтау. Оқушылар контингентін қалыптастыру. Оқушылар қозғалысын қатаң бақылау. Оқушыларды тасымалдау.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
Жетім, жартылай жетім, әлеуметтік жағдайы нашар, көп балалы және сәтсіз отбасы балаларымен жұмыс.	Жыл бойы	Мектеп психологы, сынып жетекшілер
Оқушылардың тамақтануын ұйымдастыру.	Қыркүйек Қаңтар	Тәрбие ісі орынбасары
Балалардың мектепалды даярлығын қамтамасыз ету.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
Оқушыларды мамандыққа баулу бойынша жұмыс. Еңбекпен қамтылуын бақылау.	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
Денсаулығы бойынша тіркеуде тұратын оқушылармен жұмыс.	Оқу жылы ішінде	Медбике, мектеп психологы

Мектеп жасындағы балаларды жалпыға бірдей міндетті оқумен қамту

№	Атқарылатын жұмыстар	Мерзімі	Жауапты
1	Мектеп бойынша 0-17 жасындағы оқушылар есебін шығару, мектепке оқу жасындағы балалардың тартылмай қалуын болдырмау мақсатында мөлтек аудандар бойынша балалардың есебін алу	Қыркүйек-мамыр	Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Есенаманова Ақтоты
2	ҚР-ның «Білім туралы Заңын» басышылыққа ала отырып, 1-ші сыныпқа және мектепалды дайындық топтарына қабылданатын оқушылардың іс-қағаздары мен денсаулығы жөніндегі құжаттарды қарап қабылдау	Тамыз	Мектеп әкімшілігі
3	9-сынып оқушыларының еңбекке орналасуы	Қыркүйек	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Хасанова Анар
4	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Тамыз-қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Есенаманова А мектеп психологы Саликова Э
5	Жетім, жартылай жетім, аз қамтылған, көп балалы және ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар тізімін анықтау және олармен жұмыс ұйымдастыру	Қыркүйек	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары, Есенаманова А мектеп психологы Саликова Э
6	Денсаулығына байланысты үйден оқитын балаларды анықтап, оларға үйден оқуды ұйымдастыру	Қыркүйек	мектеп психологы Саликова Э
7	Мектепке келген, кеткен оқушылардың іс-қағаздарын реттеу.	05.09.2016ж. дейін	ДОО Хасанова А Сынып жетекшілері
8	5-6 жастағы балаларды мөлтек аудандар бойынша мектепалды дайындық сыныптарына тарту.	15.08-01.09.16 ж	Даярлық тобы жетекшілері
9	Оқушыларды оқулықпен қамтамасы ету	Қыркүйек	Мектеп кітапханашысы Құттыбаева Альбина
10	Мектепті бітірген түлектерді еңбекпен қамтамасыз ету тізімін жасау	Қыркүйек	ДОО Хасанова А. сынып жетекшілері
11	Мектепте 1-11 сыныптар оқушылары,	5.09 дейін	Директордың тәрбие

	тұрмысы төмен, көп балалы отбасынан шыққан, жетім, қамқоршылықтағы балалар үшін ыстық тамақ беруді ұйымдастыру		ісі жөніндегі орынбасары, Есенаманова А мектеп психологы Саликова Э
12	Ата-аналар ашық есік күнін ұйымдастыру	Қазан, сәуір	Мектеп әкімшілігі Өзін-өзі тану пәні мұғалімдері
13	«Мектепке жол» акциясын өткізу	Тамыз, қыркүйек	Мектеп әкімшілігі
14	Оқушылардың сабаққа қатысуын күнбе-күн бақылап отыру	Оқу жылы бойына	Тәлімгер Қыдырқызы Р, сынып жетекшілері
15	Әлеуметтік жағдайы төмен отбасынан шыққан аса мұқтаж 1-11 сынып оқушыларын әлеуметтік қорғау және материалдық қолдау көрсету	Жыл ішінде	Мектеп әкімшілігі
16	«Қамқорлық» акциясын ұйымдастыру	Жыл іші	Мектеп әкімшілігі
17	Үйден оқитын оқушылармен жүргізілетін сабақтардың сапасын тексеру	Қараша	Хасанова А
18	Келген-кеткен оқушылардың қағаздарын түгендеу	Үнемі	Оқу ісі меңгерушілері
19	Жағдайы төмен жанұядағы балалардың жағдайын тексеру және оларға көмектің дұрыс жүргізілуін тексеру	Қаңтар	Мектеп психологі Саликова Э
20	Мектептің гигиеналық-санитарлық талаптарының орындалуы	Ақпан	Медбике Нұрымова Гүлнұр
21	Оқушылардың уйірме, факультативтік сабақтарға қатысын бақылау	Ақпан, сәуір	Хасанова А. Сынып жетекшілері
22	Оқушылардың іс-қағаздарын реттеу, үлгерім құжаттарының мерзімінде сауатты толтырылуын қамтамасыз ету	Үнемі	Сынып жетекшілері Іс жүргізуші
23	Пәндер бойынша бағдарламаның орындалуын бақылау	Жыл ішінде	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
24	4-ші сынып оқушыларының педагогикалық, психологиялық жеке карталарын жасау	Мамыр	Сынып жетекшілері психолог
25	11-ші сынып оқушыларымен жаңа форматты ҰБТ құжаттарын толтыру жөніндегі практикалық сабақтар өткізу. ҰБТ ережелерімен таныстыру	Сәуір	Хасанова А Саликова Э

26	Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының оқушыларын көшіру, қорытынды аттестациялау және бітіру туралы ережемен таныстыру мақсатында ата-аналар жиналысын өткізу	Мамыр	Мектеп директоры
27	Жылдық бақылау жұмыстарын және тестілер өткіу	Мамыр	Мектеп әкімшілігі
28	Кітапханаға оқулықтарды тапсыруды ұйымдастыру. Оқу жылының аяғында мектептің оқулық қорының сақталуына талдау жасау	Мамыр-маусым	Кітапханашы, пән мұғалімдер
29	Кәсіптік бағдар, оқу орындарымен байланысмен олардың ата-аналарына арналған стенд ақпараттарын ілу	Жыл бойы	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
30	Жалпыға міндетті білім беру бойынша жұмыстың талдауы, келесі оқу жылына жалпыға міндетті білім беру бойынша жұмысты ұйымдастыру жөніндегі ұсынымдар	Мамыр - маусым	Мектеп әкімшілігі

Есбол орта мектебінде оқушыларды тегін ыстық тамақпен қамту бағытында 2017-2018 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспары

P/c	Іс-шаралар атауы	Мерзімі	Орындауға жауаптылар
1	Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 13 сәуірдегі №198 бұйрығына 6 қосымшасының мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартын басшылыққа алып аталған бұйрықтың 9 тармағына көрсетілген құжаттарды қабылдау	31.08.	А.Есенаманова сынып жетекшілері
2	Қ.Р Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы №717 бұйрығын басшылыққа алу	Жыл бойы	Г.Нурымова
3	Мектеп асханасының дайындығын қадағалау	1 қыркүйекке дейін	Г.Нурымова
4	Ыстық тамақпен қамтылатын оқушылардың тізімін жасақтау	31.08	А.Есенаманова Г.Нурымова
5	Күнделікті таңертен мектеп медбикесі ыстық тамақтың сапасын тексеру, соған орай күнделік жүргізу	Үнемі	Г.Нурымова
6	Оқушылардың күнделікті тамақтануына жауапты	Үнемі	Сынып жетекшілері

**Атырау облысы Махамбет ауданы Есбол орта мектебінің
оқу жоспарына түсінік хат**

2017-2018 оқу жылы

Есбол орта мектебінің оқу жоспары Қазақстан Республикасының 27.06.2007 жылғы «Білім туралы» Заңын басшылыққа ала отырып және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты негізінде, ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 25.07. 2013 жылғы №296 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары және 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен бекітілген мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары және ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы №292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты негізінде, ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 23 қарашасындағы №668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары 5,7 сынып жаңартылған білім мазмұны бойынша жүзеге асырылады.

Оқу- әдістемелік кешенді ҚР Білім және ғылым министрлігінің және Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (Астана, 2017жыл) «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында ғылым негіздерін оқытудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хатын басшылыққа ала отырып анықтады. Тақырыптық-күнтізбелік жоспарларды құруда әдістемелік нұсқау хатта белгіленген оқу пәндерінің бағдарламалары басшылыққа алынды.

Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқу басылымдарының тізбесі «Білім беру ұйымдарында 2017-2018 оқу жылында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттерінің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы», Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің «2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2017 жылғы 4 сәуірдегі № 150 бұйрықтарымен анықталған.

Жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдері күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламалары негізінде өздігінен әзірлейді және оны білім беру ұйымының директоры бекітеді.

Білім алушылардың оқу нәтижелерін бақылау үшін педагогтердің таңдауымен іске асырылатын әртүрлі әдістер мен құралдар қолданылады. Бақылау шараларының негізгі түрлері шығарма, ауызша, жазбаша, практикалық формалармен жүзеге асырылады. Бақылау формаларын таңдау оқу пәнінің ерекшеліктері мен мазмұнына, оны оқуға бөлінген сағат санының көлеміне, білім алушылардың жеке және жас ерекшеліктеріне, оқыту

кезеңдері мен оқытудың жоспарланған нәтижелеріне байланысты жүзеге асырылады. Бақылау жұмыстары білім беру ұйымдары басшыларының бекіткен кестесіне сәйкес жүргізілуі керек. Бақылау жұмыстарын дүйсенбі, жұма және сабақ кестесінің соңғы сабақтарында өткізу ұсынылмайды. Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленіп, ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Абайтану» (9-11-сыныптар) таңдау курсын оқыту ұсынылады.

Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын оқытуға 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсын тарих немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанды әлеуметтік жаңғырту бағытындағы «Жалпыға ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларды орындау мақсатында әзірленіп ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген «Абайтану» (10-11 сынып) таңдау курстарымен толықтырылды.

Жоғары сатыда 10-11 сыныптарда оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қабілеттерін дамыту мақсатында және оқушылардың қоғамдық-гуманитарлық пәндеріне деген қызығушылықтарын ескере отырып, қоғамдық-гуманитарлық мұғалімдерінің кәсіптік деңгейін есепке алып қоғамдық-гуманитарлық бағыты, оның ішінде қоғамдық-гуманитарлық бағдар таңдап алынды.

10-11 сыныптарда қазақ тілі пәнінен «Морфологияның кейбір мәселері», «Синтаксистің кейбір мәселері», орыс тілі пәнінен «Морфология-основа грамматики», «Морфология. Орфография», тарих пәні бойынша «Алаштану», «Қазақтың ұлы тұлғалары», ағылшын пәнінен «English Language in our school», «English speaking countries» қолданбалы курстарымен толықтырылды.

2013 жылдың 11 ақпан айындағы «Азаматтарды әскери қызметке даярлау, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ алғашқы әскери дайындық бойынша оқу-материалдық базасын құру Ережесін бекіту туралы ҚР Үкіметінің №118 шешімі негізінде 10 сыныпта АӘД пәніне 1 сағаттан бөлінді.

ҚР Білім және ғылым министрлігінің жалпы білім беретін мектептердің 9 сыныбында «Дінтану негіздері» факультативтік курсын енгізу туралы 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығының негізінде 9 сыныпта «Дінтану негіздері» факультативтік курсы вариативті компоненттен аптасына 1 сағаттан енгізілді.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы оқу міндетті болып табылады және мазмұны дүниетану оқу курсының аясында жүзеге асырылады. Осыған сәйкес, 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат. 5-9-сыныптарда 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 25 сағат (алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

Үйден оқитын оқушылар үшін (5,8,9 сыныптар) Білім және ғылым министрлігінің 2014 жылғы 25 ақпандағы №61 бұйрығымен бекітілген мүмкіндігі шектеулі оқушыларға бастауыш, негізгі орта, жалпы білім беру үлгілік оқу жоспарымен жүзеге асырылды.

Орындаған: А.Хасанова

Мектеп директоры:



Ф.Тюрина

3-ші бөлім	Білім беру мекемесін басқару. Ата-аналармен жұмыс
Білім беру мекемесін басқару. Ата-аналармен жұмыс Негізгі бағыттары: • Мектепті басқару құрылымы; • Мектеп кеңесінің жұмысын жоспарлау; • Мектептің әкімшілік қызметкерлері арасында функционалдық міндеттерді бөлісу; • Ата-аналармен жұмысты жоспарлау;	

Ата-аналармен жұмыс .

Есбол орта мектебінің 2016-2017 оқу жылындағы жалпы ата-аналармен жұмыстың қорытынды хабарламасы

Есбол орта мектебі бойынша 2016-2017 оқу жылына арналған ата-аналар қоғамдық кеңесінің жылдық жоспары жасақталып бекітілді. Осы орайда қыркүйектің 13-і жалпы ата-аналар жиналысы болып өтті. Қоғамдық ата-аналар кеңесінің төрайымы сайланды.

Мектеп психологы Саликова Элзаның ұйымдастыруымен 9-шы қыркүйек күні «Өз балаңа үлгі бол» тақырыбындағы Республикалық ата-аналар конференциясы «Бірінші сынып оқушыларының ата-аналарына психологиялық көмек» тақырыбында конференция өтті. Ата-аналарға кеңестер айтылып, таратылды. «Әке мені вальске шақыр?», «Бала мен қыз», «Айқайлаушы ата-аналар» , «Ваза» видеоролигі көрсетіліп, ата-аналар пікірі сұралды.

15-ші қыркүйек Алмалы орта мектебі базасында «Отбасылық тәрбие негізінде қыз баланың рухани – адамгершілік және әдептілік қасиеттерін қалыптастыру» тақырыбында семинар болды.

13-ші қаңтар Өзін-өзі тану пәнінің мұғалімі Альсмахова Айнұрдың ұйымдастыруымен «Отбасы – тәрбиенің ұясы» тақырыбында шара өткізді. Тыныштық сәтінен бастап, «Нұрға бөлену», «Балаңызға деген сүйіспеншілік» деген ойындар өткізді.

30 қаңтар мен 4 ақпан аралығында «Менің отбасымның бағы – елімнің мәртебесі» тақырыбындағы ата-аналар апталығы аясында Ашық есік күндері ұйымдастырылып, 3-ші ақпан күні «Отбасылық неке қатынастары, баланың құқықтары, ата-аналардың бала тәрбиесіне жауапкершілігін арттыру» тақырыбында жоғары сынып оқушыларының қатысуымен құқық пәнінің мұғалімі Қақиева Айнагүлдің ұйымдастыруымен дөңгелек үстел өтті. «Қол көмек» ойыны ойнатылып, видеороликтер көрсетіліп, сұрақ-жауаптар берілді.

1-ші ақпан «Ана мен әке тәрбиесінің мектеп тәрбиесімен сабақтастығы» тақырыбында тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Қоржықбаева Самалдың ұйымдастыруымен семинар болды.

27-28 наурыз «Мәңгілік ел Патриоттық Актісі» бойынша тарих пәнінің мұғалімі Тұрғанбаева Гүлмира түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

7-ші сәуір Қалыбеков орта мектебі базасында «Мөлдір бұлақтан....» атты аудандық отбасылық шығармашылық фестивалі өтті. Оған мектебімізден Саленовтер отбасы қатынасып, Алғыс хатпен марапатталды.

Ата-аналар комитеті туралы ереже

1. Жалпы ережелер

1.1. Бұл ереже жалпыға орта білім беретін орынның өзін-өзі басқару ұйымы болып саналатын №10 орта мектебінің ата-аналар комитетінің іс-әрекетін жария етеді.

1.2. Ата-аналар комитеті туралы ереже мектепшілік ата-аналар жиналысында қабылданады және құрылтайшылардың келісімі және мектепшілік бұйрықтың шешімі төңірегінде бекітіледі.

1.3. Ата-аналар комитетін төраға басқарады. Ата-аналар жиналысын өткізуге мүшелері жауапты болады. Ата-аналар комитетінің жұмыс жасау мерзімі-1 жыл

1.4. Ата-аналар комитетінің жұмысының жүйелі жасалуын бақылау үшін мектеп директорының орынбасары мүшесі болып бекітіледі.

1.5. Ата-аналар комитетінің жұмысы БҰҰ-ның Баланың құқығы туралы конвенциясымен, ҚР Білім туралы заңы, білім беру ұйымдарындағы типтік ережелермен, мектеп жарғысымен және жалпы ережелермен байланысты болады.

1.6. Ата-аналар комитетінің шешімі ұсыныс ретінде беріледі. Ата-аналар комитетінің міндетті түрде орындалатын шешімі тек қана мектепті қалыптастыру мақсатында құрылған бұйрықпен байланысты болады.

1.7. Ата-аналар комитетінің негізгі міндеттері.

-№ 10 орта мектебінің әкімшілігімен бірге оқу процесін реттеп қалыптастыруда жағдайлар жасайды

-оқушылардың өмір қауіпсіздігі және денсаулығы, жеке тұлғаның еркін дамуы, оқушының қызығушылығының заң жүзінде қорғалуы, мектепшілік іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуі

-Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру, оқушының құқығын және баланың жан-жақты дамуындағы отбасының жағдайы.

2. Ата-аналар комитетінің қызметі

2.1. Оқу процесін ұйымдастыруда қалыпты жағдайлар жасау (оқулықпен қамтамасыз ету, көрнекі – құралдар дайындауға көмектесу)

2.2. Әр сыныптағы ата-аналар комитетінің іс-әрекетін жүйелеу, бақылау.

2.3. Ата-аналар арасында түсіндіру және ұсыныс беру жұмыстарын ұйымдастырады.

2.4. Мектепшілік іс-шараларды ұйымдастыруда ата-аналардың мектеппен байланысын нығайту

2.5. Мектептің жаңа оқу жылына дайындығына қатысу

2.6. Мектеп әкімшілігімен бірге дұрыс тамақтанумен дәрігерлік қызметті бақылайды

2.7. Мектеп әкімшілігіне мектепшілік жалпы ата-аналар жиналысын өткізуге көмектеседі

2.8. Өз тараптарына түскен ұсыныс, сұрақтарды қарастырады. Мектеп басшысының нұсқауымен осы ережеде көрсетілген комитет құзырындағы мәселелерді қарастырады.

2.9. Комитет құзырына кіретін мектепшілік сұрақтарды қарастырады.

2.10. Оқу процесіндегі қауіпсіздік шарттарын іске асыруға, ұйымдастыруға санитарлық-гигиеналық ережелермен талаптарды сақтауға қатысады.

2.11. Мектеп өмірінің қалыптасу дәстүріне байланысты үгіт насихат мәселесімен басқа қоғамдық ұйымдармен байланыс жасайды

2.12. Кәмелетке толмағандардың арасындағы тәртіпбұзушылық, бақылаусыздық, қараусыздық пен қылмыстың алдын алу мәселесі бойынша мектептің педагогикалық коллективімен байланыс жасайды.

2.13. Комитет құзырына жататын мектепшілік іс-шаралар өткізу және басқа мәселелер бойынша мектептің өзін-өзі басқару, басқада ұйымдармен байланыс жасайды.

2.14. Жалпы оқуға қамту қорынан бөлінген қаражатты бөлуде байланыс жасайды.

3. Ата-аналар комитетінің құқығы

Осы ережеде айтылған комитеттің құзырына сәйкес төмендегідей құқықтары бар

- мектептің әкімшілігіне, өзін-өзі басқару ұйымдарына ақпараттар жөнінде нәтиже алу, оларды қарастыруға ұсыныс жасау

- басқа мекемелермен ұйымдарға түсініктеме беруге

- мектеп әкімшілігінен және өзін-өзі басқару ұйымдарынан ақпарат алу немесе оны тыңдау

- сыныптардың ата-аналар комитетінің шешімдеріне сәйкес оқушылардың ата-аналарын өз отырыстарына шақыру

- отбасындағы бала тәрбиелеудегі кемшіліктері үшін ата-аналарға сын айту

- мектепшілік және т.б іс-шараларды өткізуге көмектесіп, белсенділік танытқан ата-аналарды марапаттау

- өз қызметтерін іске асыруда комитет мүшелерінің жетекшілігімен тұрақты және уақытша комиссияларды ұйымдастыру

- ішкі актілерді құрастыру және қабылдау

- комитет құзырына жататын педагогикалық кеңестің жеке отырыстарына өзін-өзі басқару, басқа ұйымдардың мәселелеріне байланысты отырыстарға комитет төрайымы қатыса алады.

4. Ата-аналар комитетінің жауапкершілігі

Комитет

- жұмыс жоспарының орындалуына

- комитеттің ұсыныстары мен шешімдерінің орындалысына

- мектеп әкімшілігімен ата-аналар арасындағы отбасылық және қоғамдық тәрбие жөніндегі өзара түсіністік мәселелерін қалыптастыру

- қолданылатын заңнамаларға сәйкес сапалы шешімнің қабылдануына

- комитеттің жеке және барлық мүшелерінің әрекетсіздігіне

- ата-аналар комитеті төрағасының ұсынысы бойынша комитет жұмысына қатыспаған мүшелері, сайлаушылардың шешімімен орнынан алынуына жауап береді

5. Жұмысты ұйымдастыру

5.1. Комитет құрамына әр сыныптан бір ата-ана кіреді. Жыл баысындағы өтетін ата-аналар жиналысындағы өкілдер комитетке сайланады

5.2. Комитеттің сандық құрамы өз еркімен анықталады.

5.3, Өз құрамынан комитет төрағасы сайланады(санына байланысты төрағаның орынбасарларымен ,хатшылары сайланады)

5.4. Комитет мектеп директорының келісімімен жасалған жұмыс жоспарымен қызмет етеді

5.5. Комитет өз жұмысы жөнінде жылына екі рет жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысында есеп береді

5.6. Комитет отырысқа қатысқан тең жарты мүшелерімен шешім қабылдай алады.Шешім көпшілік дауыс арқылы қабылданады.

6.Іс-жүргізу

6.1.Комитет жалпы білім беру мекемелеріндегі іс-жүргізу нұсқауларына сәйкес жалпы мектепшілік ата-аналар жиналысының және өз отырыстарының хаттамаларын жүргізеді

6.2.Хаттамалар электронды түрде теріліп жазылады, мектеп кеңсесінде сақталады.

6.3.Комитеттегі іс-жүргізу жауапкершілігі комитет төрағасына немесе хатшыға жүктеледі.

Есбол орта мектебінің Қоғамдық ата-аналар кеңесінің 2017-2018 оқу жылына арналған жұмыс жоспары.

Мақсаты: Ата-аналар мен мектеп арасында тепе-тең достық қарым-қатынас құру, оқушы мен сынып жетекші арасындағы ынтымақтастықта жұмыс жүргізу.

р/с	Жұмыс түрлері	Мерзімі	Жауапты адам
1	Жалпы мектеп бойынша жиналыс: Тақырыбы: «Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі» Күн тәртібі: 1.Өткен оқу жылына талдау, жаңа оқу жылының мақсаты мен міндеттері. «Мектепке жол»акциясы ұйымдастыру 2.«Отбасының бала тәрбиесіндегі ролі» баяндама	Қыркүйек	Қоғамдық ата-аналар жиналысының төрайымы Мектеп тәлімгері Қыдырқызы Р
3	Ата-аналарға арналған сауалнамалар жүргізіп,талдап отыру.	Жылына 3 рет	Мектеп психологы
4	«Ата-ананың құқықтық сауаттылығы» 1. «Құқықтық тәрбие қалыптастыруда ата-ана ролі» дөңгелек үстел	Қазан	Тұрғанбаева Г
5	Жол қателіктерді кешірмейді (пікір алмасу)	Қазан	Мектеп инспекторы
6	Жүзден жүйрік		Иманкулова А

	(спорттық сайыс)	Қараша	Бертілеуов Қ
7	«Ата-аналармен бала арасындағы қарым - қатынас» /тренингтер/	желтоқсан	Сынып жетекшілер
8	Жалпы мектеп бойынша жиналыс: 1.Мектепшілік ата-аналар кеңесінің алдында мектеп басшыларының есебін тыңдау. 2.«Агрессивті балалармен жұмыс істеу ерекшелігі». Күн тәртібінде: «Қиын бала қайдан шығады?» тренинг Психологиялық ақыл кеңес	қаңтар	Мектеп басшылары Мектеп психологы
9	«Жастар және дін» дөңгелек үстел	қаңтар	Қыдырқызы Р
10	«Әйелдерге қарсы тұрмыстық зорлық-зомбылық дегеніміз не?» (пікір алмасу)	қаңтар	Альсмахова А
11	«Менің өмірімнің жұлдызды картасы» мамандық таңдау туралы бір үзік сыр /дөңгелек үстел/	ақпан	Қозыкешов Ержан Аманғалиева Г
12	1. Ата-аналардың сабаққа қатысуын ұйымдастыру. 2. Ата-аналарға арналған «Ашық есік» күнін белгілеп,ата-анамен пікірлесу	ай сайын айына 1рет	Сынып жетекшілер Тәрбие ісінің менгерушісі
13	«Ұлың қымбат,немерең ыстық» кездесу кеші	ақпан	Бастауыш сынып бірлестігі
14	«Ана деген – ардақты ат» /тәрбие сағаты/	наурыз	Л.Нұрғалиева Е.Қозыкешов 5-6 сыныптар
15	«Ата-анам ардағым» кездесу кеші	наурыз	Есенаманова А Қыдырқызы Р
16	Мектептегі құқықтық кеңесімен бірлескен түрде каникулдар мезгілінде оқушылардың бақылаусыз қалуын болдырмау,кешкілік жүруді шектеу және құқық бұзушылықтың алдын-алу мақсатында рейдтер жүргізу.	Жыл бойы	Есенаманова А Қыдырқызы Р Қозыкешов Е Қуанышев Ә
17	«Мөлдір бұлақтан » отбасылық сайыс	наурыз	Сынып жетекшілер /1-11 сыныптар/
18	«Әкем,шешем және мен» /отбасылық сайыс/	сәуір	Бертілеуов Қаржау Жексенғұлов Е
19	Мықты отбасы-мықты мемлекет /сұрақ-жауап кеші/	сәуір	Э.Саликова Альсмахова А
20	Ұйымдастырылған шаралар туралы БАҚ-да	кезінде	Нұрғалиева Л

	мақалалар жариялау		Иманкулова А
21	«Үлгілі отбасы» айдарымен баспасөз беттеріне мақалалар беру	айына 1 рет	Иманкулова А Нұрғалиева Л
22	Жалпы мектеп бойынша жиналыс: Ата-аналар қоғамдық кеңесінің алдында мектеп басшыларының ІІ жартыжылдық бойынша жасалған жұмыстардың есебін беруі «Қазақ отбасындағы қарым-қатынас психологиясы мен ата-ананың негізгі тәрбиелеу тәсілін айқындау» (диагностика, мониторинг) «Ата-анаға мың алғыс!» атты алғыс хаттар даярлау	мамыр	Мектеп басшылары Қоғамдық ата-аналар кеңесінің төрайымы Мектеп әкімшілігі Ата-аналар комитеті
23	Оқушылардың жазғы демалысын ұйымдастыру	мамыр	Есенаманова А

Дайындаған:  Иманкулова А

4-ші бөлім	Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау
<i>Педагог кадрлармен жұмыс, олардың біліктілігін арттыру, аттестаттау</i> Жұмыстың формалары мен мазмұны: ✚ Мектептің әдістемелік тақырыбы бойынша жұмыс; ✚ Әдістемелік кеңес қызметін ұйымдастыру және оның мазмұны; ✚ Жас мамандармен жұмыс ✚ Мұғалімдер біліктілігін арттыру, ғылыми-педагогикалық конференцияларды ұйымдастыру және өткізу; ✚ Тақырыптық семинарлар, практикумдар жұмысын жоспарлау; ✚ Тәжірибені жинақтау; ✚ Педкадрлар аттестаттауын жоспарлау; мектепішілік аттестаттау комиссиясының қызметі; ✚ Тақырыптық педкеңестер жұмысын жоспарлау; ✚ Кабинеттер, сынып бөлмелер байқауын өткізу; ✚ Педагогтар құқықтарын қорғау бойынша іс-шаралар; ✚ Мектепішілік «Жыл мұғалімі» сайысы	

**Қазақтың қаны бір, жаны бір жолбасшысы – мұғалім.
Мағжан Жұмабаев**

Педагог мамандармен жұмыс бағытының негізгі мақсаты – мұғалімдермен жұмыс істеу.

Негізгі бағыттары:

- Мұғалімдердің біліктілігін көтеру, олардың өз бетінше білімін жетілдіру.
 - Шығармашылықпен жұмыс жасайтын мұғалімдердің инновациялық жұмыстары мен озат іс-тәжірибесін жинақтау, насихаттау және тарату.
 - Педагог мамандарды аттестаттау.
 - «Жыл мұғалімі» және т.б. да байқауларға қатысуды ұйымдастыру.
 - Мұғалімдердің зерттеу жұмыстарының жалпы бағыттары, өзектілігі. Зерттеу тақырыбын тандауы, ақпараттар жинауы.
- Оқушыларды «Дарын» олимпиадасы мен КҒА жұмыстарына тартуы, баулуы. Ғылыми байқауларда қорғауға дайындауы.
- Мектептің педагогикалық кеңесі.
 - Директор жанындағы отырыс.
 - Кіші педагогикалық кеңес.

Педагогикалық кеңес жоспары.

№	Қаралатын мәселенің тақырыбы, мазмұны	Уақыты	Жауапты
1-отырыс			
1.	2016-2017 оқу жылындағы жұмыстардың қорытындысы	Тамыз 2017 ж.	Мектеп директоры
2.	Мектептің 2017-2018 оқу жылына арналған оқу-тәрбие жұмыстарының жоспарын бекіту. - 2017-2018 оқу жылына арналған әдістемелік нұсқау хатты талдқылау. Жаңартылған бағдарламалар ерекшелігімен танысу		Мектеп әкімшілігі
3.	Ұйымдастыру жұмыстары		Мектеп директорының орынбасарлары
2-отырыс			
1.	Критериалды бағалаудың білім алушылар үшін тиімді жақтары мен мүмкіндіктері Баяндама	Қараша 2017 ж.	Мектеп координатары Қозыкешов Ержан
2.	Жаңартылған білім беру бағытындағы қалыптастырушы бағалаудың жүргізілу барысы 2,5,7 сыныптар		Мектеп директорын оқу-тәрбие жөніндегі жөніндегі орынбасары Хасанова А
3.	Өзін-өзі тану пәннің беруілуі және ата-аналармен жүргізілген жұмыстардың нәтижесі		Мектеп директоры Тюрина Фазила Мектеп психологы Саликова Эльза
4.	Рухани тәрбие беру жолындағы ақылы үйірмелердің ұйымдастырылуы.		Тәрбие орынбасары: Есенаманова Ақтоты
3-отырыс			
1.	Үш тілде оқыту ерекшелігі, мектептің дайындық деңгейі Баяндама	Ақпан 2018 ж	«Шетел тілдер» бірлестігі Сатқанбай Жазира
2.	Бейіналды даярлық сыныптардағы (7-9) казак тілі, орыс тілі, ағылшын тілі пәндерінің меңгеру деңгейін тексеру		Хасанова А Сатқанбай Ж

3.	Ағылшын, орыс тілі пәндерінің бастауыш сыныптарда критериалды бағалаудың жүзеге асырылуы		Мектеп модераторы: Мендіғалиева Гүлвира
4.	Мектеп оқушыларын ОЖСБ-ға дайындау жұмыстарының барысы (4,9 сынып)		Мектеп әкімшілігі
4-отырыс			
1.	Бастауыш сыныптарда математикалық сауаттылығын дамыту ерекшеліктері мен түпкі нәтижелері Баяндама	Сәуір 2018 ж	«Бастауыш» бірлестік жетекшісі Сілеумуханова Назымгүл
2.	Сыныптан сыныпқа көшіру және мектеп бітірушілердің жаңа форматты емтиханға дайындығы		Мектеп директоры Емтихан комиссиясы
3.	Пән кабинеттерінің заман талабына сай жабдықталуы. Мұғалімдердің біліктілік аттестация қорытындысы		Маукенова Рая Нұрымова Гүлнұр Қозыкешов Ержан
4.	Ағымдағы мәселелер		
МАУСЫМ	Кіші педагогикалық кеңес 1.5-8 сынып оқушыларын сыныптан сыныпқа көшіру туралы. 2.Негізгі мектепті бітіру емтиханы. 9 сынып оқушыларына НМ бітіру куәлігін беру туралы. 3.Арнайы пәндер бойынша үздік жетістіктер үшін мадақтау қағазымен марапаттау. 4. 10 сынып оқушыларының жазғы еңбек практикасы және 11 сыныпқа көшіру туралы. 5. 11 сынып оқушыларына мектеп бітіру аттестаттарын беру, жекелеген пәндерден марапаттау қағазымен марапаттау.		

Директор жанындағы кеңес жоспары.

	Мазмұны	Жауаптылар
Тамыз		
	1. Мектепті жаңа оқу жылына дайындау (санитарлық-гигиеналық тәртіп және техникалық қауіпсіздік, кітапхана, оқу кабинеттерінің жаңа оқу жылына дайындық деңгейі) 2. Жаңа оқу жылында оқу үдерісінің ұйымдастырылуы. Мектептің оқу тәртібі. 3.1 сыныптарды жинақтау. Жаңа оқу жылындағы педагогикалық кадрлердің білім көтеру курсына баруын жинақтау.	OIM: Хасанова А.Е TIM: Есенаманова А
Қыркүйек		
	1. Оқушылардың денсаулығын нығайту, денсаулық топтарын қалыптастыру туралы мәліметтерді жаңарту. 2. Оқу жылының басындағы еңбек қорғау және өмір сүру қауіпсіздігінің жағдайы туралы. 3. Мұғалімдермен мектеп құжаттарын жүргізу барысы туралы баяндау. 4. Құжаттарды тексерудің қорытындысы. 5. «Білім туралы Заңның» орындалу барысы. 6. 1-9 сын. Барлық пәндерден күнтізбелік-тақырыптық жоспарлауы. 7. Сынып жетекшілерінің тәрбие жоспарлары.	Медбике Пән мұғалімдері OIM: Хасанова А Ісжүргізуші: OIM: Хасанова А TIM: Есенаманова А.
Қазан		
	1. Мұғалімдердің аттестацияға дайындығы. 2. 1-сыныптардың берілген талаптарды орындаудағы тексеріс. 3. Дарынды балалармен жұмыс, олардың мектепшілік олимпиадаларға дайындығы. 4. Оқу кабинеттерінің және басқа да кабинеттердің күзгі-қысқы мезгілдерге дайындығын тексеру. 5. Оқушылардың тамақтану және санитарлық-гигиеналық тәртібіне талдау жасау.	OIM: Хасанова А Бірлестік жетекшісі Медбике
Қараша		
	1. Әртүрлі оқулық мүмкіншіліктеріне байланысты оқушылардың қызығушылығы мен таным белсенділігінің психолог-педагогикалық деңгейінің қорытындысы. 2. Математика пәнінің жүргізілуі 3. «Рухани жаңғыру» бағытында іс-шаралардың өткізілу барысы 4. 9- сыныптардың ОЖСБ-қа дайындығы.	Психолог: Саликова Э. OIM: Р.Хасанова АЕ пән мұғалімдері Есенаманова А Қыдырқызы Р

Желтоқсан		
	1.Мектепшілік бұйрықтардың, педкеңес шешімдерінің орындалуы, Жаппай оқыту туралы рейдтің қорытындысы. 2. Құқық бұзушылықтың алдын-алу жұмыстарының жағдайы. 3.Пәндер бойынша әкімшілік бақылау жұмыстарының қорытындысы. Мектепшілік бақылау жұмысының барысы 4.Қысқы демалыс кезіндегі жұмыстардың ұйымдастырылуы.	Іс жүргізуші: ТаңатароваГ ТІМ:Есенаманова А ОІМ: Хасанова АЕ
Қаңтар		
	1. Оқушылардың әскери-патриоттық тәрбиесі, сыныптардың қоғамдық іс-шараларға қатысу белсенділігі. 2.Мектеп оқушыларының денсаулық жағдайы. Медициналық педагогикалық бақылауды жүзеге асыру. 3.11-сынып бітірушілерінің ҰБТ –ге дайындығын зерделеу. 4.Оқулық және әдістемелік әдебиет қорларының жаңартылуы туралы кітапхана жұмысы.	ТІМ: Есенаманова А ОІМ: Хасанова АЕ Кітапханашы Құттыбаева А
Ақпан		
	1. Педагогтардың аттестациясының барысы. 2. Кәсіптік бағдар беру туралы кітапхана мен мұғалімдердің біріккен жұмысы. 3.Оқушылардың сабаққа қатысуын тексерудің қорытындысы. 4. Сынып жетекшілерінің ата-аналармен жұмысы 5.Пәндердің оқытылуын тексерудің қорытындысы. Дәптер,үй тапсырмаларының нормасы. 6. Пәндердің берілу сапасы (биология, география)	Директор Кітапханашы Сынып жетекшілері психолог. ТІМ: ЕсенамановаА ОІМ: Хасанова АЕ
Наурыз		
	1.Жұмыс жоспарларының орындалуы туралы. 2.Наурыз мерекесіне дайындалу. 3.Сынып жетекшілерінің құжаттарын тексерудің қорытындысы. 4.Дарынды және үлгерімі төмен балалармен жұмыстың барысы. 5.Пән бойынша сыныптан тыс жұмыс. Бақылау, практикалық, лабораториялық жұмыстардың орындалуы.	ТІМ:Мендіғалиева Г Мектеп директоры ОІМ: Хасанова А
Сәуір		
	1.Балалардың қорытынды аттестацияға дайындығы. Оқу бағдарламаларының емтихан алдындағы ұйымдастырылуы (5-9). 2.9-сыныптарда жалпы сыныптық бақылаудың қорытындысы. 3.5-9-сыныптардың емтиханға дайындығы. 4.Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру туралы.	ОІМ: Хасанова АЕ Медбике: Пән мұғалімдері

Мамыр		
	1.Оқушылардың жазғы сауықтыру демалысын ұйымдастыру туралы. 2. Мұғалімдердің өзіндік білімін және біліктілігін көтеру жұмыстарының қорытындысы туралы. 3.Осы оқу жылындағы мектеп құжаттарының жүргізілуі туралы. 4.Оқу бағдарламалары мен оның практикалық бөлімінің орындалуы туралы.	ТІМ:Есенаманова А ОІМ: Хасанова А.Е
Маусым		
	1.Жоспарлардың орындалуы.2018-2019 оқу жылына алдағы жоспарлау. 2.Аралық және мемлекеттік емтихан , аттестациялау қорытындылары.	Директор ТІМ:ЕсенамановаА. ОІМ: Хасанова АЕ

2015-2019 жылдарға Есбол орта мектебі бойынша қысқа мерзімді біліктілік арттыру курстарынан өтетін тыңдаушылардың болжам жоспары

№	Тыңдаушылар саны	Бағыттары	Оқыту тілі	Тыңдаушылардың саны				
				2015ж	2016ж	2017ж	2018ж	2019ж
1	Жалпы білім беретін мектеп қызмет-керлері			10	8	10	5	2
1	Мектеп директоры	Білім берудің жаңа парадигмасы және мұғалім ролі.Білім беруге күзіреттілік тұрғыдан қарау	Қазақ		1		1	
2	Мектеп директорының оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Білім беру нәтижесін бағалаудағы критериалдық көзқарас ; Дарынды балаларды оқыту мен тәрбиелеу	Қазақ		1		1	

3	Мектеп директор ының тәрбие жұмысы жөнінде- гі орынбаса ры	Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамас ын іске асыру	Қазақ			1		1
4	Психолог	Білім беру нәтижесін бағалаудағы критериалдық көзқарас;				1		1
5	Кітапхан ашы		Қазақ	1			1	
6	Пән мұғалім- дері	«Үштұғырлы тіл туралы» мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жолдары	Қазақ	2		3		1
		«Өзін - өзі» тану пәні арқылы рухани адамгершілікке тәрбиелеу	Қазақ			1		1
		Оқушылардың функционалдық сауаттылығын арттыруда ұлттық жоспарды іске асыру;	Қазақ	4	2	1	2	2
		Гуманитарлық білім беруде тиімді педагогикалық технологиялар мен қазіргі	Қазақ		2	2	1	2

		әдістерді енгізу						
		Ғылыми-жаратылыстану мен техникалық білім берудің тиімді педагогикалық технологиялары	Қазақ	3	2	2	1	1

